



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ  
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»

Фармация мектебі

Мемлекеттік аттестаттау  
комиссиясының есебі (МАК)

Редакция: 1  
7 беттің 1 беті

Бекітілді  
Университет Кеңесінің төрағасы  
Т.С. Нургожин Қаттама № \_\_\_\_\_  
2020 ж.



**5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы  
бойынша 2019-2020 оқу жылындағы бітірушілердің мемлекеттік  
аттестациясының қорытындысы туралы мемлекеттік аттестациялық  
комиссия төрағасының  
ЕСЕБІ**

МАК төрағасы

Рахметова А.А.

МАК хатшысы


Хамитова А.Е.

Келісілді:

Декан

Сакипова З.Б.

Алматы, 2020 ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармация мектебі	Есеп
		Редакциясы: 1 8 беттің 2 беті

**5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша 2020 жылғы бітірушілердің қорытынды мемлекеттік аттестациясы туралы мемлекеттік аттестациялық комиссия төрағасының ЕСЕБІ**

26.12.2019 ж. №356 ректордың бұйрығы бойынша **5B110300-«Фармация» мамандығына** 2019-2020 оқу жылының мемлекеттік аттестациялық комиссиясының құрамы бекітілді.

**5B110300-«Фармация» мамандығы бойынша 2019-2020 оқу жылындағы МАК құрамы:**

**МАК төрайымы:** Рахметова Айгуль Акимғалиевна – фарм.ғ.к., Қазақстан Республикасының фармацевтикалық қызметті дамыту және қолдау қауымдастығының мүшесі;

**МАК мүшелері:**

Сакипова Зуряда Бектемировна - фарм.ғ.д., Фармация мектебі деканы;

Аюпова Роза Багдаулетовна – PhD, Фармация мектебінің академиялық қызметі бойынша деканның орынбасары;

Устенова Гульбарам Омаргазиевна – фарм.ғ.д., «Фармацевтикалық технология» кафедрасының меңгерушісі;

Кожанова Калданай Каржауовна - фарм.ғ.к., «Инженерлік пәндер» кафедрасының меңгерушісі;

Жакипбеков Кайрат Сапарханович - PhD, «Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация» кафедрасының меңгерушісі;

Берилло Дмитрий Александрович – PhD, «Фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника» кафедрасының меңгерушісі;


Саякова Галия Мырзағалиевна – фарм.ғ.к., «Фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника» кафедрасының профессоры;

Омырзаков Манас Токтасынович - "GxP Company" ЖШС сапа жөніндегі директоры».

**МАК хатшысы:** Хамитова Акжонас Ермековна - мед.ғ.магистрі, «Фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника» кафедрасының лекторы.

Мемлекеттік аттестациялық комиссиясына келесі құжаттар ұсынылды:

- «Мемлекеттік емтихан және мемлекеттік аттестациялық комиссия төрағасы кандидатуралары мен құрамын бекіту туралы» 26.12.2019 ж. №356 ректордың бұйрығы;
- қашықтықтан оқыту кезінде Қорытынды мемлекеттік аттестация ұйымдастыру ережелері, №227 бұйрық 11.05.2020 ж.;
- аттестациялық комиссияның жұмыс кестесі;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Фармация мектебі	Есеп	Редакциясы: I 8 беттің 3 беті

- 2020 жылдың бітірушілерінің Қорытынды мемлекеттік аттестациясының бағдарламасы;
- білім алушыларды «Қорытынды мемлекеттік аттестацияны тапсыруға жіберу» туралы 5В074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша 25.05.2020 ж. №27 деканның жарлығы;
- студенттерді ҚМА-ның 2 кезеңіне жіберу туралы кафедра хаттамасынан үзінділер - дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау №23, 04.05. - 06.05.2020 ж.
- МББС, оқу бағдарламасына, жұмыс және оқу жоспарына сәйкес, оқу үрдісі толық бітірілгені туралы анықтама.

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ-да 5В074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша мемлекеттік Қорытынды аттестациясы академиялық күнтізбеге сәйкес 08.06.2020 – 17.06.2020 жыл аралығында екі кезең бойынша өткізілді:

I кезең: кешенді компьютерлік тест

II кезең: дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау

### ҚМА - ның I кезеңі - кешенді компьютерлік тест

ҚМА - ның I кезеңі 5В074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша: Синтетикалық дәрілік заттардың химиясы мен технологиясы және Дәрілердің өнеркәсіптік технологиясы пәндері бойынша 08.06.2020 жылы кешенді компьютерлік тест түрінде қашықтық форматта өтті.

Тест тапсырмасы бір варианта - 100, орындау уақыты 150 минут. Нәтижесі әр дұрыс жауапқа 1 баллдан бағаланды. Тест оқу тіліне сәйкес қазақ және орыс тілінде өткізілді. Бітірушілердің тест тапсырмасының нәтижесі жалпы тест тапсырмасының 50 пайызы дұрыс жауап алған кезінде оң деп саналады.


Тест нәтижесін білім алушылар апелляцияны ескермегенде емтихан біткен соң алды. Тестілеу онлайн прокторинг жүйесі арқылы жазылды, емтиханнан кейін прокторлар Академиялық адалдық кодексінің сақталуын видеожазбалар арқылы тексерді.

Білім алушылардың емтихан кезінде апелляцияға беруге мүмкіндіктері болды. Апелляцияға берген студенттер болған жоқ.

ҚМА - ның I кезеңіне 5В074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша 72 білімгер жіберілген, келмей қалған студенттер болған жоқ.

Кесте 1. 5В074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша ҚМА - ның I кезеңінің нәтижесі:

Баға	балл	Саны (абс)			% (салыс)		
		каз	орыс		каз	орыс	
Үздік	90-100	24	2	26	45	11	36
Жақсы	70-89	28	16	44	53	84	61
Қанағаттанарлық	50-69	1	1	2	2	5	3

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»						
	Фармация мектебі	Есеп				Редакциясы: I	
Қанағаттанарлықсыз		0-49	-	-	-	-	8 беттің 4 беті

5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша ҚМА I кезеңін – кешенді компьютерлік тестілеуді бірінші реттен сәтті өткен білім алушылардың үлесі - 100%, орташа балл – 3,33 (86 балл).

### **Қорытынды аттестаттаудың II кезеңі – дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау**

Қорытынды аттестаттаудың II кезеңі – дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау 2 пән бойынша өткізілді:

- Дәрілердің өнеркәсіптік технологиясы
- Синтетикалық дәрілік заттардың химиясы мен технологиясы

ҚМА - ның II кезеңіне 72 бітіруші жіберілді, келмеген студенттер болған жоқ. Дипломдық жұмыстарды қорғау барысында төрт студенттің жұмысы апелляцияға беріліп, қарастырылды: Самигуллина Айнара Қуанышқызы, Қожан Мұхамеджан Жұмабайұлы, Әбілда Маржан Мұхтарқызы, Торғауытова Нелля. Апелляциялық комиссияның шешімі бойынша Самигуллина Айнара Қуанышқызына 5 балл, Қожан Мұхамеджан Жұмабайұлы 5 балл қосылды, Әбілда Маржан Мұхтарқызы және Торғауытова Нелля бағалары өзгеріссіз қалды.

Кесте 2. ҚМА - ның II кезеңінің Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижесі

Баға	балл	Саны (абс)			% (салыс)		
		қаз	орыс		қаз	орыс	
Үздік	90-100	10	3	13	19	16	18
Жақсы	70-89	43	16	59	81	84	82
Қанағаттанарлық	50-69	-	-	-	-	-	-
Қанағаттанарлықсыз	0-49	-	-	-	-	-	-


5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша ҚМА -ның II кезеңінен сәтті өткен білім алушылардың үлесі 100% – ды, орташа балл - 3,0 (81 балл) құрады.

Емтихан нәтижесі МАК – ның мәжілісінің хаттамасына қол қойылғаннан кейін, сол күні жарияланды.

#### Біліктілікті тағайындау

МАК отырыстарының хаттамалары әр білім алушыға арнайы жүргізілді. Хаттамалар МАК хатшысымен толтырылып, МАК – ның төрағасы және отырысқа қатысқан МАК мүшелері қолдарын қойды. МАК отырыстағы хаттамалар форматы А4, қағазда түптеліп, нөмерленген.

Біліктілікті тағайындау, диплом берілуі және емтиханның қорытынды бағалары туралы шешімді комиссия жабық отырыста, ашық түрде дауыс

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Фармация мектебі	Есеп	Редакциясы: I 8 беттің 5 беті

берумен қабылдады. Дауыстар саны тең болған жағдайда комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып есептелді.

5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша (екі кезеңнің қорытындысы бойынша) 8 студент үздік дипломға ие болды:

1. Базарбай Меруерт Мұхаммедқызы (GPA=3,57)
2. Балтабай Бекболат Сапарбайұлы (GPA=3,65)
3. Жумагазеева Асель Жумагалеевна (GPA=3,85)
4. Конырбаева Аккумис Талгатқызы (GPA=3,85)
5. Қамбарбекқызы Назгүл (GPA=3,63)
6. Қожан Мұхамеджан Жұмабайұлы (GPA=3,52)
7. Маликова Еркежан Маликовна (GPA=3,54)
8. Самифуллина Айнара Қуанышқызы (GPA=3,79)

Қорытынды аттестацияны жақсы тапсырған және оқу бағдарламын талаптарын толық дәлелдеген түлектерге, МАК шешімімен 5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша бакалавр академиялық дәрежесі берілді.

3 кестеде 2020 жылдың бітірушілерінің Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың жалпы нәтижелері көрсетілген.


Кесте 3.1. 5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығының 2020 жылғы бітіруші түлектерінің Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың жалпы нәтижелері

ҚА жіберілген дердің аны.	ҚА келмегендердің саны.	ҚА тапсырғандардың саны.	Солардың ішінде.				Қанағаттанарлықсыз бағалғандар.	Орташа балдар
			Тек қана үздік.	Тек қана жақсы.	Аралас бағалар.	Тек қанағаттанарлық.		
72	-	72	26	44	-	2	-	3,33

Кесте 3.2. 5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығының 2020 жылғы бітіруші түлектерінің Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаудың жалпы нәтижелері

ҚА жіберілген дердің аны.	ҚА келмегендердің саны.	ҚА тапсырғандардың саны.	Солардың ішінде				Қанағаттанарлықсыз бағалғандар.	Орташа балл
			Тек қана үздік.	Тек қана жақсы.	Аралас бағалар.	Тек қанағаттанарлық.		
72	-	72	13	59	-	-	-	3,0

4 кестеде 5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығының Қорытынды аттестаттау нәтижелерінің өткен жылмен салыстырмалы анализі көрсетілген

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармация мектебі	Есеп
		Редакциясы: 1 8 беттің 6 беті

Кесте 4. 5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша студенттердің бітіруінің салыстырмалы талдауы

Көрсеткіштер	Алдыңғы кезең	Есепті кезең
% сапасы	96,73	97
% үлгерім	100	100
Орташа балл	3,67	3,33

5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша бакалавриаттың 2019-2020 оқу жылының түлектерінің Қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері көрсеткендей, студенттердің теориялық және практикалық дайындығы жоғарыда аталған мамандықтар бойынша жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарымен белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.

Бакалаврларды Қорытынды мемлекеттік аттестаттау мамандық бойынша оқу жоспарында көрсетілгендей академиялық календарьға сәйкес кешенді компьютерлік тестілеу (1 - кезең), дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау (2 - кезең) түрінде өткізілді. Емтихан тесттері білім беру бағдарламасын толық ашады. ҚМА-ға қатысушы әр кафедраның ПОҚ бекітілген кесте бойынша студенттерге емтихан алдында консультация өткізді.

1) Жалпы емтиханды өткізу рәсімін ұйымдастырудағы деканат пен бейінді кафедралардың жұмысы қанағаттанарлық деп бағаланады.


2) 5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша студенттердің дайындық деңгейі жоғарғы оқу орындарының барлық талаптарына сай келеді. Білім беру бағдарламасын толық меңгерген.

3) 5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша түлектерді мемлекеттік емтихандарға дайындаудағы кейбір анықталған кемшіліктерді атап өткен жөн:

- **көптеген дипломдық жобаларды рәсімдеу ГОСТ-қа сәйкес келмейді** (титулдық парақтың бірыңғай рәсімделуі және Times New Roman 14 шрифтіннің бірқатар жұмыстарда сақталмаған; интернеттен көшірілген мәтін, өрістер және жоларалық интервал пішімделмеген; формулаларда сандар жолма-жол шрифтпен көрсетілмеген; қазақ тіліндегі жұмыста орыс тіліндегі фрагменттер бар; әр түрлі беттерде бір жұмыста мәтіннің, кестелер мен диаграммалардың қайталануы; әдебиеттердің маңызды емес көздері пайдаланылады (КСРО МФ Х басылым, мемлекетаралық ГОСТ-тарды жоғалтқан басылымдар, өткен ғасырдың 60-70 жылдарындағы әдебиет көздері), кафедра атауы дұрыс көрсетілмеген; кафедра меңгерушісінің тегінде қате жіберілген; орфографиялық және стилистикалық қателер; фармацевтикалық терминология сақталмаған);

- **кейбір дипломдық жобалардағы мазмұн бекітілген тақырыпқа толық сәйкес келмейді;**

- **диссертация материалдарын, бұрын жарияланған мақалаларды** (ҚазҰМУ хабаршысы 2014 ж.) **оларға сілтеме көрсетпей пайдалану кездеседі;**

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармация мектебі	Есеп
		Редакциясы: I 8 беттің 7 беті

- **«Келун-Казфарм» ЖШС-де инфузиялық ерітінділердің технологиялық процесін валидациялау бойынша жұмыстарда кәсіпорынның уәкілетті қызметкерлері әзірлеген материалдар пайдаланылған** (компанияның құпиялылық принципі сақталмаған);
- **жоспарланған практикалық бөлігі аяқталмаған жұмыстар бар** (карантинге байланысты);
- **теориялық жұмыстардың бір бөлігі виртуалды жобалармен ұсынылған** (ДЗ өндірісінің тұжырымдамалық жобаларын әзірлеу бойынша; өндірістік процестерді оңтайландыру, қарқындату бойынша; сапаны бақылау зертханаларының технологиялық жобаларын әзірлеу бойынша және т.б.), **бітірушілердің білім деңгейінің жеткіліксіздігін растайды;**
- **кейбір дипломдық жобаларда басшылардың, консультанттардың, рецензенттердің ресми жұмыстары орын алады** (жауапты кафедра басшыларының тиісті жұмыс жасаған жағдайда, сынақтан өткен және қорғауға ұсынылған жұмыстарды басқару кезінде жоғарыда аталған сәйкессіздіктер қорғауға ұсынылғанға дейін жойылған болар еді);
- **МАК жұмысы кезінде деканның орынбасары Р.Б. Аюпованың, комиссия мүшесінің болмауы.**

### Қорытынды


2020 ж. С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ бітірушілерінің Қорытынды аттестациясын ұйымдастыру мен өткізілуін 5В074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша қанағаттанарлық деп есептеймін.

5В074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша жалпы алғанда бітіруші түлектердің теориялық және практикалық дайындықтары типтік оқу жоспары мен білім беру стандартына сай келеді.

Бітіруші түлектердің қорытынды аттестация бағалары пән бойынша алған бағаларымен сай келеді.

5В074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы үшін Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы ұсынады:

1. Дипломдық жобаларды жобалау кезінде ГОСТ талаптарын қатаң сақтау.
2. Дипломдық жобалардың жетекшілері ретінде фармацевтикалық технология саласында жеткілікті тәжірибесі бар, фармацевтикалық өндіріс және дәрілік заттар айналымы саласында жеткілікті біліктілік деңгейі бар мамандарды тағайындаған жөн.
3. Сапалық және сандық талдау әдістерін орындау үшін қазіргі заманғы жабдықтарда жұмыс істеу дағдылары бар дәрілік заттардың сапасын фармацевтикалық бақылау жөніндегі мамандарды консультанттар ретінде қосу;
4. Кафедра басшылары анықталған сәйкессіздіктерді болдырмау мақсатында тақырыптарды бекітуді және дипломдық жұмыстарды сынауды тиісті түрде жүргізу керек;
5. Емтихан билеттеріне дәрі-дәрмектердің дәріханалық технологиясы бойынша

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармация мектебі	Есеп

сұрақтарды енгізу (жұмыс берушілердің-жеке жазбалары бойынша шағын сериялы өнімдер мен дәрілік нысандарды шығаратын дәріханалардың қажеттілігі бар).

6. Апелляция жөніндегі комиссияға фармацевтикалық саланың дәрілік заттардың өнеркәсіптік технологиясы жөніндегі мамандарын немесе тәуелсіз сарапшыларын енгізген жөн.

7. ЕурАзЭҚ шеңберінде бірыңғай фармацевтикалық нарық жағдайында фармацевтика саласының қазіргі заманғы талаптарын ескере отырып, ҚМА шеңберінде жұмыстарды жақсарту және Фармация мектебінің профессорлық-оқытушылық әлеуетін күшейту үшін түзету іс-шараларының жоспарын әзірлеу қажет.

***P.S. дипломдық жұмыстарды онлайн режимде қорғаудың транспаренттілігі мақсатында бейнежазба жүргізілді.***